

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 шілдедегі N 688 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 қарашадағы N 1073 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жария етілген жер учаскелеріне құқықтарды ресімдеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 шілдедегі N 688 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2006 ж., N 27, 282-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жария етілген жер учаскелеріне құқықтарды ресімдеу ережесінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдары жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі тиісті комиссия (бұдан әрі - комиссия) мүлікті жария ету туралы шешім шығарған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде жария ету субъектісіне комиссия қабылдаған шешім және жария етілген жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжатты дайындау үшін осы Ереженің 5 немесе 6-тармақтарына сәйкес материалдарды аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдарына ұсыну қажеттілігі туралы хабарлайды.";

7-тармақта "өтініш берілген күннен бастап жиырма жұмыс күні" деген сөздер "жария ету субъектілерінен осы Ереженің 5 немесе 6-тармақтарында көрсетілген материалдар түскен күннен бастап он бес жұмыс күні" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақта "он бес" деген сөздер "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

13-тармақта "және беру" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі